

МҰҒАЛІМ МЕКТЕПКЕ ЖҰМЫСҚА ҚАЛАЙ ОРНАЛАСА АЛАДЫ?

БҮГІНГІ КҮНІ ЕЛІМІЗДЕ ОРТА МЕКТЕПТЕРДЕ 500 МЫҢНАН АСА МҰҒАЛІМ ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ. ДЕСЕ ДЕ МҰҒАЛІМ ТАПШЫЛЫҒЫ БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА ӘЛІ ДЕ СЕЗІЛЕДІ. ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ ДЕРЕГІНШЕ, ҚАЗІРГІ ТАҢДА 5 400-ГЕ ЖУЫҚ МҰҒАЛІМ ТАПШЫ, ДЕП ХАБАРЛАЙДЫ BAQ.KZ ТІЛШІСІ.

Бүгінгі күні елімізде қанша мұғалім тапшы? Мұғалім жұмысқа орналасуы үшін не істеуі керек? Конкурсқа кімдер қатыса алады? Бұл сұрақтарға Оқу-ағарту министрлігі, Орта білім беру комитетінің Педагогтермен жұмыс басқармасының бас сарапшысы Датбек Шахидулла жауап берді.

Елімізге қанша мұғалім қажет?
– Елімізде орта білім беру бойынша барлығы 500 мыңнан аса педагог бар. Аймақтардағы мұғалім тапшылығы, мәліметтеріне сүйенетін болсақ, қазіргі таңда ол екіге бөлінеді – ауылдық және қалалық өңірлер. Мұғалімдер тапшылығы көбінесе ауылдық жерлерде сезіліп жатады. Нақтырақ айтқанда, Батыс Қазақстан, Түркістан, Ақмола және Шығыс Қазақстан облыстары. Осы өңірлерде мұғалім тапшылығы басқа өңірлерге қарағанда көбірек сезіледі. Ал қалалық жерлерде пән бойынша сұранысқа ие мұғалімдер – информатика, математика, физика, ағылшын тілі мұғалімі, – деді Датбек Маратулы.

Қазіргі таңда 11 тамызға дейін 5 394 педагог тапшы. Оның ішінде қалалық 2 487, ал ауылдық жерлерде 2 907.

Елімізде мына пәндердің мұғалімдері тапшы:

- ағылшын тілі – 408
- биология – 135
- география – 181
- басқа шет тілі, яғни неміс, француз тілдері – 4
- информатика – 315
- тарих және құқық негіздері – 268
- қазақ тілі және әдебиеті – 129
- математика – 1 096
- музыка – 246
- бастауыш сынып – 715
- алғашқы әскери дайындық – 86
- өзбек, ұйғыр, тәжік тілдері – 3
- орыс тілі мен әдебиеті – 665
- физика – 426
- дене шынықтыру – 57
- химия – 369
- еңбекке баулу – 208
- басқа пәндер – 78 мұғалім.

Мемлекеттік жалпы білім беру ұйымдарында педагогтердің бос және уақытша бос лауазымдары ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2012 жылғы 21 ақпандағы №57 бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады. Бос және уақытша бос лауазымдарға конкурстар білім беру ұйымдарының ақпараттық порталдарында және epbek.kz сайтында жарияланады. Бұл жұмыстың барлығы электронды түрде жүргізіледі.

Конкурсқа кімдер қатыса алады?

– Конкурсқа педагогтердің үлгілік біліктілік сипаттамаларына сәйкес келетін, сонымен бірге №57 бұйрықтың 118-тармағына сәйкес көрсетілген тізбедегі құжаттарды ұсынған педагогтер қатыса алады, – деп түсіндірді Датбек Шахидулла.

Сарапшының айтуынша, жоғары оқу орындарын бітірген түлектерге жұмысқа орналасу үшін ереженің 118-тармақшасына сәйкес құжаттар тізбесі көрсетіледі. Тоғызыншы тізбеде педагогтің білімін бағалау деген бар. Яғни түлек алғаш рет педагогикалық қызметті жүзеге асыруы, яғни мұғалім болып жұмысқа тұруы үшін педагогикалық білімін растау мақсатында тест тапсырады. Тест нәтижесі оң болған жағдайда конкурсқа қатысып, жұмысқа орналаса алады.

Сонымен қатар «Оқуды жаңа бітірген түлектер біліктілік тестін қанша рет тапсыра алады? Оларға қанша балл жинау керек?» деген сұрақ туындауы мүмкін. Университет түлегі өзінің пәні бойынша 30 сұрақтың кем дегенде жартысына дұрыс жауап беріп, 50% алуы керек. Мысалы, түлек физика пәнін бітірген

болса, онда берілген 30 сұрақтың кемінде 15-ін жинауы керек. Сонымен қатар педагогикалық әдістемеден 20 сұрақ беріледі, одан 10 балл жинау талап етіледі. Яғни осы берілген екі блоктан да кем дегенде 50 пайыздан жинаған кезде түлектің нәтижесі оң болып есептеледі, – дейді ол.

Педагогтердің аттестациядан өту ережесіне сәйкес педагогтер біліктілік тестін жылына екі рет тапсыра алады. Ал оқу орнын енді бітірген түлектер бұл тестті шексіз тапсыруға мүмкіндігі бар. Яғни олар шекті балды жинағанша, тестті бір-неше рет тапсырса болады.

Егер мұғалім бір мектептен екінші мектепке ауысатын болса, ҰБТ тапсыра ма?

– №57 бұйрықтың 118-тармағына сәйкес педагогтің білімін бағалаудағы тестілеу нәтижесінсіз қатыса береді. Егер мұғалім педагогикалық қызметті атқарып жүрген болса, онда тест тапсыру міндеттелмейді. Онымен қоса, кезінде педагогикалық білімі бойынша ЖОО-ны бітірген, бірақ мұғалім болып жұмыс істемеген азаматтарымыз бар делік. Арада 5 жыл, 10 жыл өтуі мүмкін. Егер олар қайтадан педагогикалық қызметпен айналысқысы келсе, онда оларға тест тапсыру міндеттеледі, – деп айтты Датбек Шахидулла.

Аттестациядан өту жұмысы қалай жүргізіліп жатыр?

– Аттестация мәселесі Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 желтоқсандағы №533 ережесіне сәйкес жүзеге асырылады. Қазіргі таңда министрің 5 шілдедегі берген бұйрығына сәйкес өзгерістер мен толықтырулар енгізілген. Биылдың 21-28 тамыз аралығында педагогтердің білімін бағалау рәсімі жүргізіледі. Қазір оған өтініштер беру басталды. Бірақ Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес аттестаттау рәсімі туралы өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп жатыр. Ол туралы жұмыс тобы құрылған болатын, – дейді ведомствоның бас сарапшысы.

Датбек Шахидулла әр түрлі саладағы мамандар аттестаттау рәсіміне бұйрықтарды енгізуге белсене қатысқанын атап өтті. Енді өзгертілген бұйрық келесі жылдың 1 қаңтарынан бастап заңды күшіне енгізіледі.

Қазіргі таңда аттестациядан өту №533 бұйрық бойынша жүзеге асырылып жатыр.

«Педагог мәртебесі туралы» заңның 15-тармағына сәйкес педагогтер 5 жылда бір рет аттестациядан өтуге міндетті.

Ал егер мұғалім мерзімінен бұрын тапсырғысы келсе, ол алған санат уақытынан бастап екі жылдан кейін тапсыра алады.

– 2018 жылдан бастап педагогтердің жаңартылған санаттары өзгертілген болатын. Атап айтатын болсақ, педагог-модератор, педагог-сарапшы, педагог-зерттеуші және педагог-шебер. Үкіметтің №11-93 қаулысына сәйкес педагог-модераторға айлығына 30%, педагог-сарапшыға 35%, педагог-зерттеушіге 40% және педагог-шеберге 50% үстемақы қосылады, – деп атап өтті сарапшы.

«Еңбек өтілі талап етілмейді».

– №57 бұйрыққа сәйкес бағалау парағы болады. Бағалау парағында педагогтердің еңбек өтілі туралы сұралмайды. Ол жерде педагогтерді жұмысқа қабылдау рәсімі әділетті болуы үшін «педагогикалық өтілді» алып тастаған. Неге? Өйткені логикалық тұрғыда қарасақ, 15 жылдық өтілі бар педагог пен оқуды енді бітірген түлек болса, кез келген білім беру ұйымының басшысы еңбек өтілі бар адамды алады. Осындай олқылықтар болмас үшін педагогтердің өтілін алып тастаған болатын. Оны талап етуге де ешкімнің құқығы жоқ, – дейді Датбек Маратулы.

Конкурс өткізу рәсімі онлайн және оффлайн түрде болады.

Сонымен қатар №57 бұйрыққа сәйкес мұғалімге 24 сағаттан артық берілмейді. Яғни ол 1,5 ставка.

№63/10263/ 17 тамыз 2023 ж.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Маңғыстау карбонат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі құрылтайшыларының жалпы жиналысы 2023 жылғы 20 қыркүйекте өткізілетіні туралы хабарлайды.

Жиналыстың күн тәртібі:

- Жиналыстың күн тәртібін бекіту;
- Соңғы 3 есепті жылдағы серіктестіктің қаржылық жағдайына аудит жүргізу туралы шешім;
- Әр түрлі.

Серіктестікке қатысушылардың жиналысы 20.09.2023 жылы сағат 16.00-де, Ақтау қаласы, 19-шағын аудан, 2-үй «Айком» ЖШС кеңсесінде өткізіледі.

«ҚАЗСУШАР» РМК МАҢҒЫСТАУ ФИЛИАЛЫ ХАБАРЛАЙДЫ

Қазақстан Республикасы, Ұлттық экономика министрлігі, Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Маңғыстау облысы бойынша департаментінің №72-НҚ 07.08.2023 ж. «Қазсушар» республикалық мемлекеттік кәсіпорнына Маңғыстау филиалының суды магистралдық құбыр жолдар арқылы беру реттеліп көрсетілетін қызметіне уақытша өтемдік тариф бекіту туралы бұйрығына сәйкес, Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі, Су ресурстары комитетінің «Қазсушар» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорын Маңғыстау филиалы тұтынушылар мен басқа да мүдделі тұлғаларға су тарифтерін 2023 жылдың 1 қазанынан «Ақтау–Ақшұқыр–С.Шапағатов» магистралдық құбыржолдар арқылы суды беру реттеліп көрсетілетін қызметіне уақытша өтемдік тарифі текше метріне 69,59 теңге-тиын (ҚҚС-сыз) мөлшерінде бекітілгендігін хабарлайды.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«ЕСО-ТЕК» ЖШС Атмосфераға ластаушы заттардың рұқсат етілетін шығарындылары нормативтерінің жобасын түзету экологиялық бағалау материалдарымен «Қалдықтарды басқару бағдарламасы», «Өндірістік экологиялық бақылау», «Қоршаған ортаны қорғау шараларының жоспары» жобалары бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізетінін хабарлайды:

Тыңдаулар 2023 жылғы 28 қыркүйек, сағат 11:00-де өтеді.

Өткізу орны: Маңғыстау облысы, Түпқараған ауданы, Таушық ауылы, әкімдік ғимараты.

Zoom платформасы <https://us05web.zoom.us/j/89904468579?pwd=PcZzXkMi9UflLbfwUyRjYBCW8lJk1J8f7.1>.

Конференция идентификаторы: 899 0446 8579.

Кіру коды: CZ3PSX.

Тұтынушы: «ЕСО-ТЕК» ЖШС, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, Толқын-2 шағын ауданы, 53, тел.: 8 700 230 19 88, БСН: 111140013555.

Жобаны әзірлеуші: «Рекорд Консалт» ЖШС, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қ., көш. Марсеева, 38, 7-бөлме, тел.: 8 701 484 80 05, БСН: 100740003476.

Құжаттама <https://ecportal.kz> порталында және <https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco/documents/1?lang=ru> интернет-ресурста орналастырылған.

Материалдарды сұратуға болатын электрондық пошта мекен-жайы және телефон нөмірі: too_record_konsalt@mail.ru, 8 701 484 80 05.

Ескертулер мен ұсыныстар <https://ecportal.kz> сайтында қабылданады.

«Oil and Gas Progets» ЖШС (ИИН 131140016434) жабылуына байланысты шағымдар хабарландыру жарияланған сәттен бастап 2 (екі) ай ішінде Ақтау қаласы, 4 «а» шағын аудан, 4-участок мекен-жайы бойынша қабылданады.
Телефон: 8 778 662 66 62.

«А-Н ГРУПП» ЖШС «Бекітілген балық шаруашылығы учаскесінде тор қоршамада балық өсіру шаруашылығын (ТҚБӨШ) ұйымдастыру: Каспий теңізі, 6-шы балық шаруашылығы ауданы, №2 учаскесі Татьяна жерінен Кендерлі шығанағына дейінгі Биологиялық негіздемесінің» жұмыс жобасына жария талқылау нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы жұртшылықты хабардар етеді.
Талқылауға жататын жобалық құжаттама бірінғай экологиялық порталда «Жарияланған жария талқылаулар» бөлімінде осы хабарландыру жарияланған күннен бастап бес жұмыс күні өткен соң орналастырылатын болады <https://ecportal.kz/>.
Қоғамдық тыңдауларды өткізу күні: 24.08.2023 жылдан бастап он жұмыс күні ішінде.
Жобалық құжаттаманың әзірлеушісі: «AREKET-2050» ЖШС, тел.: 8 (7475) 333-999, эл.пошта: areket-2050@mail.ru.
Әкімшілік-аумақтық бірліктің жергілікті атқарушы органы: «Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ.

«Маңғыстау-Медиа» ЖШС-ға ІТ маманы қажет

**Ақтау қаласы, 9-ш.а., 42/1,
«Маңғыстау-Медиа» ғимараты.**

**Байланыс телефоны:
8 (7292) 20-48-34.**

ҚҰРЫЛЫС САЛУШЫЛАР ТЕҢІЗ ЖАҒАСЫНДАҒЫ ҮҢГІРДІ УАҚЫТША ЖАБУДЫ СҰРАДЫ

АҚТАУ ҚАЛАСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ 4А ШАҒЫН АУДАНЫНДАҒЫ ТЕҢІЗ ЖАҒАЛАУЫНДА ОРНАЛАСҚАН ҮҢГІР МАҢЫНДА ҚҰРЫЛЫС ЖҮРГІЗІЛІП ЖАТҚАН ЖЕР УЧАСКЕСІНІҢ ИЕСІ «NAFEET PROPERTIES-AKTAU» ЖШС ЕКЕНІН МӘЛІМДЕДІ, ДЕП ХАБАРЛАЙДЫ MANGYSTAUMEDIA.KZ ӘКІМДІКТІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІНЕ СІЛТЕМЕ ЖАСАП.

Жоба бойынша жеке инвестициялар есебінен 22 қабатты екі тұрғын үй салу жоспарланған көрінеді. Ал жобаның тапсырыс берушісі Sheikh Suroor Projects Department (SSPD) аталып отыр. Аталған құрылыс Маңғыстау облысының әкімдігі мен «Abu Dhabi Investment Authority» тәуелсіз қоры арасында 2018 жылы қол қойылған меморандум шеңберінде іске асырылып жатқаны белгілі болды. Жоба мемлекеттік сараптамадан өтіп, «оң» қорытынды алған. Sheikh Suroor Projects Department (SSPD) инвесторы ҚР нормалары мен ережелері бойынша құрылыс процесіне қойылатын барлық талаптарды орындаған. «Бас жоспарға сәйкес бұл учаске тұрғын үйлердің құрылысына арналған аумақтарға жатады (Ақтау қаласының бас жоспары 2012 жылы бекітілген, 2020 жылы әзірленген егжей-тегжейлі жоспарлау жоспарын

ескере отырып кешенді өзектендірілген). Құрылыс салуды ұйымдастыру және құрылыс саласында рұқсат беру рәсімдерінен өту қағидаларына сәйкес (ҚР ҰЭМ 30.11.2015 жылғы №750 бұйрығы) құрылыс жөніндегі жобаларды іске асыру мынадай кезеңдермен жүзеге асырылады. Оның ішінде құрылыс жобасын әзірлеу үшін бастапқы материалдарды алу, эскизді әзірлеу және келісу, жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу және сараптамадан өту, ГАСК органдарын құрылыс-монтаждау жұмыстарының басталғаны туралы хабардар ету, нысанды қабылдау және пайдалануға беру»,– деп жазылған Ақтау қаласы әкімдігі таратқан ақпаратта. Құрылыс компаниясы нысанды салу кезеңінде Ақтау қаласы 4 «а» шағын ауданы (жар-тас жолы жағынан) мекен-жайындағы «үңгірді» жабуды сұрады. Ақтау қалалық

тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі рұқсат беріп отыр. «Өз тарапынан инвестор қоршау салу бойынша жұмыстар жүргізуде. Үңгірдің мониторинг бойынша күнделікті жұмыстар жүргізілуде, ол үшін геологияда көп жылдық тәжірибесі бар компания тартылды. Инвестордың айтуынша, құрылыс жұмыстары үңгірге зиянын тигізбейді.

Сонымен қатар қаланың дамуына қолайлы мультипликативті әсер береді. Өйткені инвестор іргелес аумақты абаттандырады және қала тұрғындары үшін қолжетімді жаңа қоғамдық кеңістіктер жасайды, кәсіпкерлікті жүргізу үшін жаңа орындар пайда болады. Бұл салық түсімдерін арттырады және жаңа жұмыс орындарын құруға ықпал етеді»,– деді Ақтау қаласы әкімдігінің баспасөз қызметіндегілер.

БҰЛ БОС ОРЫН

СІЗДІҢ

ЖАРНАМАҢЫЗҒА

АРНАЛҒАН



ТЕЛЕФОН: 20-48-42